

ЖШС «Самғау НРМ» «Жұлдыз» балабақшасы

ЖШС «Самғау НРМ»
«Жұлдыз» балабақшасының
28.08.2025 ж. №1 педагогикалық
кеңестің шешімі негізінде
БЕКІТІЛДІ
Несипбаева Р.М.



БАҒДАРЛАМА

«Тастар қиялдары»

Ересек тобы

Ақтобе 2025 ж

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ

«BILIM QAZYNA» KMM

«ЗЕРЕ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ

Ақтөбе қаласының білім бөлімінің

« 27 »

2025ж

№ 294 бұйрығымен

БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА

«Тастар қиялдары»

(Ересек тобы)

Ақтөбе 2025ж

Бағдарламаның негізі: Д.В. Огнева «Рисуем на камнях» -2020

Құрастырушы: Танатарова Н.О ересек топ тәрбиешісі

«Зере» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңес отырысында «Тастар қиялдары» бағдарламасы талқыланды және бекітілді.

Хаттама №1

« 26» тамыз 2025ж

«Зере» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі _____ А.Ж Тайпетова



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Тастар қиялдары» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді

Хаттама № 1

« 27 » 08 2025ж

Сараптау комиссиясының төрағасы

М.О Қосымбаева



(қолы)

(аты-жөні)

**Ақтобе қаласы «Зере» бөбекжай-балабақшасы
Тәрбиеші Танатарова Н.О
«Тастар қиялдары» бағдарламасына**

Пікір

Н.О Танатарованың құрған «Тастар қиялдары» бағдарламасы ересек жас ерекшелігіне бағытталған: 4жастан бастап қазақ тілінде оқытылатын тобына 36сағат. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың қол моторикасын, шығармашылық қабілеті мен сөйлеу процесін дамытуға арналған бағдарлама болып табылады.

«Тастар қиялдары» бағдарламасы тастар бетінде балалардың ішкі жан дүниесі және қиялын шырдаумен шығармашылық бастауын дамытуды қалыптастырады. Түрлі-түсті бояулар қолданылады. олармен жұмыс жасау тәсілдерін білу, қимылдармен, сөздермен, дыбыстармен суретті салу, балалардың эксперимент жүргізуге жағдай жасау, сюжетті, құралдарды, жанашырлық сезімді өз еркімен таңдау, өз мүмкіндігін сезіну, мектепке дейінгі жастағы балалар мен тәрбиешілердің шығармашылығы, қызықты ашылымдарды және бір-бірінің арасындағы қарым-қатынасты түсінуді қалыптастырады.

Бағдарламаның айрықша ерекшелігі -ұйымдастырылған іс әрекеттің бір оқу жылына әзірленетіні, және ересек топ балаларынан басталады. Жаңа оқу жылында 4-5 жас аралығындағы ересек топ балаларына жүргізіледі. Бағдарламадағы тақырып ұстанымы,осы бағдарламаның негізі болып табылады. Балалардың табиғатты, жануарлар әлемін, ертегі сюжетін, түрлі бейнелеуіш құралдарды өз бетімен таңдай білуі,оларды суреттеу, түрлі тәсілдерді қолдана отырып, мерекелік көңіл - күйді жеткізе білу баланың оқуына байланысты.

Техникалық дағдыларға және ұсталыққа оқыту суреттелетін бейненің ерекшелігін, материалдардың бейнелеуіш сипатын ескере отырып, түрлі тәсілдерді қолдануға жұмсалады.

«Тастар қиялдары» бағдарламасы өте қызықты және маңызды, бейнелеу ісі арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың көркем-шығармашылық қабілетін жетілдіруге көмектеседі. Осы бағдарлама мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Рецензент:

**Педагогика және білім
берудегі менеджмент факультеті
Педагогика ғылымдарының
магистрі, аға оқытушы**



Аманжол М.А

Түсінік хат

Осы берілген жүктемеге сүйеніп, балалардың шығармашылығын дамытуға осы бағдармаланы жаңадан жаңарттық. Бұл бағдарлама балалардың шығармашылығын тастарға түрлі суреттер салу арқылы арттырады. Салған суреттерінен олардың жан дүниесіндегі болып жатқан жағдаяттар мен ойларын түсінуге әбден болады. Балаға суретті үлкен құштарлықпен салу үшін, үлкеннің қолдауы мен көмегі әбден қажет.

Тастар қиялдары білім бағдарламасының балабақша балаларын танып білу және шығармашылық әс-әрекетке соның ішінде зерттеу, және көркем еңбекке баулу.

Себебі, жинақтау әрекеті - балабақша балаларын дәстүрлі емес оқытудағы балалардың зейінін оятаудағы ең тиімді түрі болып табылады. Жинақтау әрекеті материалды немесе физикалық тұрғыдан көп шығын қажет етпейтін жүйе болып табылады. Өйткені кез-келген нәрсені жинап ермек қылуға болады Бір нәрсені жинақтаумен айналысатын балалар әдетте коммуникативті, өзінің қойған мақсатына жете білетін болып келеді.

Бағдарлама ата-анамен бірге әрі тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауды көздейді.

Бағдарламаның актуалдылығы ата-аналар мен балалардың қызығушылығы және сұранысына тәуелді. Сонымен қатар бағдарлама балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынас, шығармашылық пен өркендеу, балалар мен ересектердің эмоционалды әл-ауқатынан тұрады.

Мақсаты: Тастарды жинау барысында балабақша балаларында танымдық және шығармашылық белсенділігі артады.



Тапсырма:

- Өлі табиғат туралы түсініктерін кеңінен дамыту;
- Тастардың әртүрлілігі туралы түсінікті қалыптастыру, олардың қасиеттері, ерекшеліктері, өзіне тән белгілеріне қарай ажыратуды үйрету;
- Ұсақ қол моторикасын дамыту;
- Табиғатты қорғауға, еңбекқорлыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге, эстетикалық талғампаздыққа дамыту.

Бұл бағдарламаның бір ерекшелігі: жинақтау жұмыстары сияқты әртүрлі басқа да іс-әрекеттерде балалардың шеберлігін дамыту.

Күтілетін нәтиже: Тәрбиеші мен балалардың бірлескен іс-әрекетінен төмендегідей нәтижелер күтіледі:

- Экологиялық тәуелділікті, адам және табиғат арасында қарым-қатынасты, олардың өзара әрекетін түсінеді;
- табиғаттағы тіршілік көзінің қауіпсіздігі негіздерін біледі;
- табиғат аясында бақылау жұмыстарын жүргізеді;
- педагог жетекшілігімен іздеу-зерттеу шараларын жүргізеді;
- табиғатты сүю, табиғат алдында адамзаттың жауапкершілігін түсінеді;
- көрме, презентацияларда белсенділік танытады.



Қазақ тілінде оқытылатын ересек тобы (4жастан бастап)

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

	Тақырыбы	Теориялық ҮІӨ	Практикалық ҮІӨ	Сағат Саны
Қыркүйек	«Тас жинау»	1		1
	«Тастарды дайындау»	1		1
	«Бояулар»	1		1
	«Күз байлығын жинаймыз»		1	1
Қазан	«Түрлі-түсті қарындаштар»	1		1
	«Менің отбасым (ойын іс-әрекеті)		1	1
	«Орман сыйлары»		1	1
	«Цементтен пішіндер жасаймыз»	1		1
Қараша	«Тас бетіндегі жапсырма»	1		1
	«Күзгі бақша»		1	1
	«Сықырлы тастар қаласы»		1	1
	«Үстел үсті жапондық бау-бақша ойыны»		1	1
Желтоқсан	Түрлі-түсті қарындаштар»	1		1
	«Бес тас ұлттық ойыны»		1	1
	«Тас қаласының құрылысы»		1	1
	«Жанды тастар» (Г.Р Лагэдынь)	1		1
Қантар	«Ұлпа қарлар»		1	1
	«Қолғап»		1	1
	«Аққала»		1	1
	«Сықырлы пима»		1	1
Ақпан	«Сурет бойынша әңгіме құра»		1	1
	«Ойындар әлемінде»		1	1
	«Қысқы орман ертегісі»	1		1
	«Менің сүйікті мультфильмім»		1	1
Наурыз	«Аяулы анамның портреті»		1	1
	«Көрме Наурыз келді ауылға»		1	1
	«Киіз бетіндегі оюлар»		1	1
	«Ыдыстар»		1	1
Сәуір	«Смайликтер»		1	1
	«Табиғат құбылыстары»		1	1
	«Цементтен жануарлар пішіндерін жасаймыз»		1	1
	«Сықырлы бояулар»		1	1
Мамыр	«Құмсалғыш»		1	1
	«Суретшілер шеберханасы»		1	1
	«Бауырсақ ертегісіне саяхат»		1	1
	«Ертегі кейіпкерлері сойлейді»		1	1
	Барлығы			36

Қазақ тілінде оқытылатын ересек тобы (4жастан бастап)

Перспективтік жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мазмұны
1.	Тас жинау	1	Балалармен серуен кезінде түрі ,түсі және пішіндері әртүрлі тастар жинауды үйрету.Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту.Өздігінен еңбек етуге, өзіне берілген тапсырманы толық орындауға тәрбиелеу.
2.	Тастарды дайындау	1	Серуен кезінде жиналған тастарды жуып,кептіріп, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындауды үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Еңбекке, адамгершілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.
3.	«Бояулар»	1	Балаларды гамма көркемдік акрил бояуларымен таныстыру.Олардың қасиеттері және гуашь бояуларынан айырмашылығын ажырата білуге үйрету.Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
4.	Күз байлығын жинаймыз	1	Көкөністердің пішініне ұқсайтын тастарды таңдау арқылы олардың бейнесін салуға үйрету. Балаларға табиғат туралы, күз ерекшелігі туралы түсінігін молайту. Қоршаған ортаны,табиғатты аялауға тәрбиелеу
5.	«Түрлі - түсті қарындаштар»	1	Ысытылған тас бетіне майлы қарындаштармен сурет салуға үйрету.Зеректік қабілеттерін дамыту.Тапсырманы толық орындауға тәрбиелеу.
6.	«Менің отбасым (ойын іс-әрекеті)»	1	Тастардың пішініне, көлеміне қарай отбасы мүшелерін таңдап, сипаттама айтуға үйрету. Отбасы мүшелерін сыйлауға тәрбиелеу.
7.	«Орман сыйлары»	1	Жидектердің пішініне ұқсайтын тастарды таңдау арқылы олардың бейнесін салуға үйрету. Балаларға табиғат туралы, күз ерекшелігі туралы түсінігін дамыту.Қоршаған ортаны,табиғатты аялауға тәрбиелеу.

8.	«Цементтен фигуралар жасаймыз»	1	Балаларға цемент бетіне фигураларды басып жасап шығаруға үйрету. Зейін, ойлау процестерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу
9.	«Тас бетінегі жапсырма»	1	Арнайы желім арқылы журнал бетіндегі суреттерді, матадан жасалған бейнелерді тас бетіне жапсыру әдіс түрімен таныстыру. Тас бетіне кез келген өсімдік, ертегі жануарларын, жеміс, көкөністерді бейнелеу туралы білім беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
10.	«Күзгі бақша»	1	Тас бетіне жеміс жидектердің, суретін бейнелеуге үйретуді жалғастыру. Арнайы желім арқылы журнал бетіндегі суреттерді, матадан жасалған бейнелерді тас бетіне жапсыру дағдысын қалыптастыру. Шапшандыққа тәрбиелеу
11.	«Сиқырлы тастар қаласы»	1	Балаларға акрилді бояулармен жұмыс жасауды тиянақтау. Тас бетіне кез келген өсімдік, ертегі жануарларын, роботтарды бейнелеуге үйретуді жалғастыру. Арнайы желім арқылы журнал бетіндегі суреттерді, матадан жасалған бейнелерді тас бетіне жапсыру дағдысын шыңдау.
12.	«Үстел үсті жапондық бау бақша ойыны»	1	Тас бетіне салынған бейнелерден композиция құруға үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру. Ойын ойнау кезінде белсенділігін арттыру және ойлау, қиял процестерін дамыту.
13.	«Түрлі - түсті қарындаштар»	1	Ысытылған тас бетіне майлы қарындаштармен сурет салу әдісімен таныстыру. Әдістің ерекшелігін түсіндіру.
14.	«Бес тас ұлттық ойыны»	1	Зейінді болуға және шапшаң қимылдауға үйрету. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұлттық ойындарға қызығушылығын ояту. Шапшандыққа тәрбиелеу.
15.	«Тас қаласының құрылысы»	1	Тастан қалашық жасауға үйрету. Ойлау, қиял процестерін дамыту. Ұжымдық жұмыс жасауға тәрбиелеу.
16.	«Жанды тастар» (Г.Р. Лагздынь)	1	Аталған автордың әңгімесін оқу, мазмұнын түсіндіру. Тастардың адам өміріндегі, тұрмысындағы пайдасы туралы білім шеңберін кеңейту.
17.	«Ұлпа қарлар»	1	Ұлпа қарларлы тас бетіне салуға үйрету. Таным процестерін дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.
18.	«Қолғап»	1	Тастардың көлемі мен пішініне қарай

			дұрыс таңдау арқылы тас бетіне матадан жасалған қолғаптың суретін жапсыруға үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
19.	«Аққала»	1	Домалақ тастарды дұрыс таңдау арқылы тас бетіне матадан жасалған аққала суретін жапсыруға үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.
20.	«Сикырлы пима»	1	Балаларға сикырлы пима әңгімесін оқу арқылы тас бетіне елестету арқылы бейнесін салуға үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
21.	«Сурет бойынша әңгіме құра»	1	Тас бетіне салынған суреттерден әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.
22.	«Ойындар әлемінде»	1	Тастан жасалған құралдардан дидактикалық ойындар арқылы балалардың ойлау, қиял, зейін және сөздік қорын дамыту. Ұжымдық жұмыс жасауға тәрбиелеу.
23.	«Қысқы орман ертегісі»	1	Тас бетіне салынған орман аңдары мен қысқы табиғат құбылыстарынан дық композиция жасауға үйрету. Ұжымдық жұмыс жасауға тәрбиелеу. Өз ойларын дұрыс, нақты жеткізе алуға дағдыландыру. Мейірімділікке тәрбиелеу.
24.	«Менің сүйікті мультфильмім»	1	Балаларға өздерінің сүйіп көретін мультфильм кейіпкерін тас бетіне бейнелеуге үйрету. Таным процестерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
25.	«Аяулы анамның портреті»	1	Тастардың пішініне, көлеміне қарай анасының бейнесін тас бетіне салуға үйрету. Отбасы мүшелерін сыйлауға тәрбиелеу.
26.	«Көрме» наурыз келді ауылға	1	Балаларды шығармашылық ұжымдық жұмыс жасауға үйрету. Ұлттық нақышта тас бетіне әр түрлі ұлттық бейнелерді салуға дағдыландыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
27.	«Киіз бетіндегі оюлар»	1	Тастардың пішініне, көлеміне қарай оюларды тас бетіне матадан жасалған суреттерді жапсыруға үйрету.

			Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
28.	«Ыдыстар»	1	Тастардың пішініне, көлеміне қарай ыдыстарды тас бетіне матадан жасалған, журнал бетінен алынған суреттерді жапсыруға үйрету. Тұрмыстық заттарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
29.	«Смайликтер»	1	Тастардың пішініне, көлеміне қарай адамның көңіл күйін көтеретін смайликтерді тас бетіне салуға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Шапшандыққа тәрбиелеу.
30.	«Табиғат құбылыстары»	1	Тастың бетіне табиғатта болатын (жаңбыр тамшылары, бұлт, күн) тәрізді құбылыстарды дұрыс бейнелеуге үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.
31.	«Цементтен фигуралар жасаймыз (жануарлар)»	1	Балаларға цемент бетіне жануарлар фигураларын басып жасап шығаруға үйрету. Зейін, ойлау процестерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
32.	«Сықырлы бояулар»	1	Қажетті түстерді дұрыс тандауға үйрету. Оларды араластыру сезімін дамыту. Ұқыпты еңбек етуге тәрбиелеу.
33.	«Құмсалғыш»	1	Үлкен боялған тастардан ойын алаңдарын, құм салғыштарын безендіруді үйрету. Ұжымдық жұмыс жасауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
34.	«Суретшілер шеберханасы»	1	Балалардың жасаған еңбектеріне көрме ұйымдастыру. Өзге топтардың балаларына жұмыстарын көрсету, тәжірибелерімен бөлісу.
35.	«Бауырсақ ертегісіне саяхат»	1	Ертегі кейіпкерлерін өз бетінше тас бетіне салуға үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Оларды өздеріне тән мінез құлықтарын сезіне білуге тәрбиелеу.
36.	«Ертегі кейіпкерлері сөйлейді»	1	Композиция жасап шығаруға және кейіпкерлердің өзіне тән ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Тас бетіне салынған ертегі кейіпкерлерін өзара сомдау арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Түстерді дұрыс пайдалануға дағдыландыру.
	Барлығы	36	

Пайдаланылган әдебиеттер:

1.Негізгі әдебиет: Д.В. Огнева «Рисуем на камнях» -2020

2.Қосымша әдебиет

2.1. Д.В. Огнева «Рисуем на камнях» Издательство АСТ-Пресс «Хоббитека»- «Золотая библиотека увлечений» 2020

2.2Р.С.Белоусов, Д.С.Докучаев. «Я познаю мир» М.: Издательство «АСТ», 2012;

2.3. Н.А.Рыжова. «Я и природа», М.: Издательство «Астрель», 2020.

2.4. Е.А. Алябьева «Развитие воображения и речи детей 4-7 лет. Игровые технологии», Москва, ТЦ «Сфера», 2020.Н.П. Посвянская «Камни земли», Москва, «Скрипторий», 2019г.

2.5. Т.М.Бондаренко "Экологические занятия с детьми 6-7 лет", Воронеж 2020 г.

С.Н. Николаева «Ознакомление дошкольников с неживой природой», Москва, «Педагогическое общество России», 2020г.

2.6. Т.Н.Зенина "Конспекты занятий по ознакомлению дошкольников с природными объектами" (подготовительная группа), Москва 2020г.

С.Н. Николаева «Комплексные занятия по экологии», Москва, «Педагогическое общество России», 2020.

2.7. А.И.Иванова "Методика организации экологических наблюдений и экспериментов в детском саду", Москва 2020г

2.8.Копытин А.И. «Практикум по арт-терапии» С.-П. 2021г.

2.9.Копытин А.И. Основы арттерапии.- СПб,2021г.

2.10.Кряжева Н.Л. Мир детских эмоций.- Ярославль: Академия развития,2021.

2.11. Е.А.Медведева, И.Ю.Левченко, Л.Н.Комиссарова.-М.: Академия,2021г.

Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании/

2.12.Лебедева Е.Н. «Использование нетрадиционных техник в формировании изобразительной деятельности дошкольников с ЗПР,М.2020г.

2.13.Н.А.Рыжова "Я и природа", Москва 2020г.

2.14.Н.А.Рыжова "Экологическое образование в дошкольных учреждениях: теория и практика", Москва 2020г.

2.15. Халезова Н.Б. Лепка в детском саду. Бала-бақша тәрбиешісіне арналған кітап - М.: «Просвещение», 2020.

3.Анықтамалық әдебиет

3.1 www.kz.dara.bala презентация

